

**«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**



**Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылының атқарған
жұмысының жылдық есебі**

Мектеп-психологі: М.М.Калкабаева

Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылының атқарған жұмысының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылында «Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде» 1-11 сынып аралығында 222 оқушы, дайындық тобында 22 оқушы. Оқу жылы 244 оқушымен басталды, 32 мұғалім, 21 техқызметшілер, жұмыс жасайды.

Шығармашылық тақырыбым: Нейрогимнастика техникаларын оқу үдерісінде қолданылуы.

Мақсаты: Мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының үйлесімді жұмыс істеуін жақсарту.

Міндеттер:

1. Оқушылардың білім сапасын көтерілуіне және оқушыға өмірде қажет болған жағдайда психологиялық тұрғыда шешім қабылдай алуына үйрету.
2. Оқушылардың таным процестерін дамыту, шығармашылық іс-әрекеттерге жетелеу.
3. Дарынды балалардың пән олимпиадаларына, түрлі интеллектуалды сайыстарға онлайн түрде қатысуға психологиялық тұрғыда дайындау.

2023-2024 оқу жылында психологиялық қызметтің "Бестерек жобасы" бойынша жылдық жоспар түзілді.

2023 жылы қыркүйек айында 1 сынып оқушыларынан "Оқушылардың мектепке дайындығын тексеру" бойынша, зерттеу жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың мектепке дайындығын бақылау.

Зерттеу жұмысына қатысқандар: 16 оқушы, оның ішінде ұл бала 9, қыз бала 7.

Жүргізілген жұмыстың сипаттамасы: Зерттеу 3 түрлі бағытардан құралған.

Зерттеу нәтижесі:

I-бағыттар бойынша:

1. Ойға сүйене отырып ер адамның суретін салып дене бітімін бейнелеу;
2. Жазба әріптерін үлгіден көшіріп салу;
3. Нүктелер тобын көшіріп салу.

1. "Ер адамның суретін салу" әдістемесі


Орындау ережесі: Сендер күнделікті көптеген ер адамдарды көріп жүрсіңдер. Солардың сырт пішінін еске түсіріңдерші. Енді ер адамның суретін салыңдар. Ер адамның суретін салғанда балалар осы кейіпкерді ойына түсіріп сол қиялын бейнелеу бойынша салады.

2. "Әріптерді көшіріп салу" әдістемесі.

Тапсырманың үлгісі салынған парақ балаларға таратып беріледі. Оның бетінде алты әріптен тұратын сөз жазылған. Бала тапсырманы орындау тәртібі түсіндіріледі: "Мына парақта әріптер жазылған, оны дәл осындай етіп көшіріп сал. Әріптерді толық салып болғанша қаламды парақтың бетінен алма"

3. "Бір топ нүктелерді көшіріп салу" әдістемесі.

Балаға бір топ нүктелер геометриялық фигураның пішініне ұқсатып салынған парақ беріліп, тапсырманы орындау шарты түсіндіріледі: "Мына параққа қара. Оның бетінде нүктелер салынған. Осындай суретті дәл қасына көшіріп сал"



нан

сен алма ал

ол су ішті

1. Ойға сүйене отырып ер адамның суретін салып дене бітімін бейнелеу;

1-3 балл 8 оқушы жақсы салған;

4 балл 7 оқушы орта салған;

5 балл 1 оқушы төмен деңгейде салған.

2. "Әріптерді көшіріп салу" әдістемесі.

1-2 балл 8 оқушы жақсы жазған;

3-4 балл 8 оқушы орта деңгейде жазған;

5 балл 0 оқушы төмен деңгейде Жазған.

3. "Бір топ нүктелерді көшіріп салу" әдістемесі.

1-2 балл 10 оқушы жақсы түсірген;

3 балл 4 оқушы орта түсірген;


4-5 балл 2 оқушы түсірген.

берілген үш тапсырманың қорытындысын шығару, 3-6 балл аралығындағы оқушылар ортадан жоғары оқушылар; 7-11 балл оқушылардың даму деңгейі орта; 12-15 балл оқушылардың даму деңгейі ортадан төмен екендіктерін білдіреді.

Қорыта келгенде 16 оқушының психологиялық тапсырмаларды орындау нәтижесінде 8 оқушы жоғары деңгейде 80-90% мектепке дайындығы, ал 4 оқушы жақсы деңгейде 60-79% мектепке дайындығы, 3 оқушы орта деңгейде 50-70% мектепке дайындығы, 1 оқушы ортадан төмен деңгейде 30-20% мектепке дайындығы басқаларға қарағанда төмен баяу екендігі, көмекті қажет ететіндіктері байқалды. Ол Абдраман Ерзат сынып жетекшісіне таныстырылды.

Ұсыныс: Сынып жетекшісі Ұ. Унербаеваға алынған әдістемелердің нәтижесімен таныстырылып, жеке кеңес берілді, аталған оқушымен жеке қосымша сабақтар жүргізіп, ата-анасымен тығыз байланыста болып білім деңгейін көтеру ұсынылды.

(После завершения тестирования вычисляется суммарный итог по 3 заданиями. Развитие детей, получивших в сумме по 3 заданиям от 3 до 6 баллов, рассматривается как выше среднего, от 7 до 11 – как среднее, от 12-15 баллов как ниже нормы. Детей, получивших от 12-15 баллов, необходимо углубленно обследовать, т.к. среди них могут быть умственно отсталые дети.)



2023-2024 оқу жылында психологиялық қызметтің "Бестерек жобасы" бойынша жылдық жоспар түзілген болатын, жоспар бойынша:

“Бестерек” жобасы



№	Мектеп атауы	Оқушының аты жөні	Сыныбы	5-11 сынып Оқу	Әлеуметтік саны							Мектеп инспе		Медбик е	Сынып жетекші	Далалық зерттеу			бағдаршам			Тәуекел тобы
												ата ана	оқушы			эссе	сауалнама	ДДЧ				
					Тұл жетім	Ата Ана ажыр асқ	Өгей ата ана м	Отбасында өзіне қол	Жартылай жет	Көп Бала лы отбас ы	Азқамт ылған								жас ыл	сар ы	қы з ыл	
	Жаңа ұй			142	2	9	жоқ	жоқ	7	34	9	жоқ	жоқ	8	16	14	6	12	17	14	-	31

Тәуекел тобына алынған оқушылар саны

2023-2024 оқу жылының 08-20 қараша аралығында өткізілген

""Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты Республикалық ақпараттық акциясы " тақырыбында психология апталығы өткізілді

Апталықтың мақсаты: 2023-2024 оқу жылында "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты Республикалық ақпараттық акциясы аясында 8-20 қараша аралығында балалар ортасында таралған құбылыстардың алдын алу

Міндеттері:

- 1. Оқушылардың өз өміріндегі, адамдардың өміріндегі психологиялық ролі мен орны туралы ойларын білу.**
- 2. Оқушылардың бойында татулық сезімдерін қалыптастыру**

Іс шара жоспары түзілді, бекітілді.

Іс-шараға жауаптылар: Бестерек мүшелері.

- 1. 07.11.2023ж Апталықтың ашылуы.**

«Жылы лебіздер күнімен басталды» (комплименттер айту) 1-11 сыныптар

Бүкіл мектеп оқушылары, мұғалімдер, күні бойы бір-біріне жылы лебіздер айтты. Лебіздерді ватманға стикерге жазып лебіздерін білдірді (дәлізге ілінді). Психологиялық нейрожаттығулар жүргізілді. 1-4 сыныптар

2. 08.11.2023ж "Қатыгездіксіз және зорлық зомбылықсыз балалық шақ" мақсаты бойынша 1-11 сыныптар аралығында өткізілетін іс шаралар жоспарымен түсіндіру жұмысы (Фойеде) дәлізде.

2. 10.11.2023ж "Әлеуметтік желінің жастарға әсері"(зорлық зомбылықтан, қорқушылықтан, кибербұзудан қорғау) 9- 11 сыныптар тренинг сабақ Акт залда.

3. 13.11.2023ж "Егер мен директор болсам және егер мен мұғалім болсам....."
Оқушы көзімен. фойеде. Анонимді сауалнама алу оқушылардан "Әлеуметтік желінің жастарға әсері"

4. 14.11.2023ж Қыз балалардың ерте жүктіліктің алдын алу және жеке бас гигиенасы туралы түсіндірме жұмысы 7-11 сынып

5.15.11.2023 Мен өмірді қалай түсінемін? (тренинг сабақ) 8-11 сынып оқушылары. "Мен бақыттымын" тақырыбында қабырға газетін шығару

5-8 сыныптар

6. 16.11.2023 Буллинг, кибербуллинг "Мектептегі күштеу" 9-11 сын тренинг

17.11.2023ж “Бойжеткені-болашақ ғасырымның” қазақ қызының бүгіні мен ертеңі қандай болуы керек? 5-11 сын қыздары тренинг.

2023-2024 оқу жылында"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты Республикалық ақпараттық акциясы аясында 8-20 қараша аралығында балалар ортасында таралған құбылыстардың алдын алу мақсатында мектептегі тәрбие одағының біріккен іс шаралар жоспары түзіліп, коридрға көрнекіліктермен безендіріліп бірнеше жұмыстар атқарылды.

Іс шарамыз Жылы лебіздер күнімен басталды.

* Әлеуметтік желінің жастарға әсері, зорлық зомбылықтан, қорқушылықтан, кибербұзудан қорғау мақсатында, сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын жүргізді. 9-11 сыныптарда члендждер жасады.

* 5-7 сыныптар аралығында"Мен бақыттымын" тақырыбында плакаттар жасақталып дәлізде ілінді.

* "Егер мен директор болсам және егер мен мұғалім болсам. " оқушым көзімен фойеде ілініп оқушылар өз пікірлерін, ойларындағы қажет еткен нәрселерін хат жүзінде, хат жәшігіне салды. Нәтижесімен әріптестерге таныстырылды.

* Қыз балалардың ерте жүктіліктің алдын алу және электронды темекінің зияны жайлы, мектеп медбикесі түсіндірме жұмысын жүргізіп. видеороликпен толықтырып оқушыларға таныстырды.

* "Мен өмірді сүйемін" тақырыбында 8-11 сыныптарға тернинг жүргізілді.

"Бойжеткені-болашақ ғасырымның" қазақ қызының бүгіні мен ертеңі қандай болу керек? тақырыбында 5-11 сынып қыздарына жүргізілді.

* Мектеп ұжымына "Мектеп оқушылары арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбында семинар кеңес өткізілді.

* "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты Республикалық ақпараттық акциясы аясында, анонимді сауалнама алынды 5-11 сыныптарға. нәтижесін өңдеп сынып жетекшілерге таныстырылды.

5-11 сынып аралығында анонимді сауалнама алынды, 8 сынып оқушыларынан 4 оқушының аттары аталды, сынып жетекшіге таныстырылды. Оқушылармен жеке жұмыстар жасалды, ескертілді. Алдағы жарты жылдықта ақпан айында қайта алынатыны ескертілді. қайта сол 4 оқушы есімдері шықса ІІБ бөліміне хабар беріп тізімін беретінімізді ескердік. Әзірше мектепілік тізімге алынды.

Және де мектеп ұстаздарына қатысты сауалнама алынды.

1. Сен ұстаздарыңның сабақ бергеніне көңілің толама? 2 оқушы орташа, 2 оқушы көңілім толмайды деп жауап берген.

2. Сыныппен қарым қатынасың Қалай? Жақсы деген, 2 оқушы қанағаттанарлық.

3. Мұғалімдермен қарым қатынасың қалай? 4 оқушы қанағаттанарлық, 1 оқушы еркін мұғалімге сөйлеуге қорқамын деген.

4. Саған мүмкіндік берілсе білім және тәрбие жүйесіне қандай өзгерістер енгізер едің? аптасына өтілетін тәрбие сағатын алып тастар едім, қызықсыз өтіледі. Жұма күні ұлттық киім кию күні болса, білім сапасына аса назар аударар едім,

5. Саған қай ұстаздың сабақ түсіндіргені ұнамайды?


6. Сен мектепке қуанышпен барасыңба? иә

7. Сен бағалап үлгі ететін мұғалімдердің есімін жаз? Сабира, Бағила, Бағдаулет ұстаздар көбірек жазған.









Қатысқандар: 1-11 сыныптар

**Қараша айында 16 күндік
"Сен барсың-бұл жақсы! Сен бүкіл әлемсің-бұл әдемі!" атты ұранмен
"Керемет әлем" атты тақырыпта
психология апталығының жұмыс жоспары түзілді**

Апталықтың мақсаты: Оқушылардың психологиялық саулығын сақтау және нығайту бойынша жағдай жасау. Оқушылар мен мұғалімнің психологиялық құзыреттілігін арттыру. Адамтанудың құрамдас бөлігі ретінде психологиялық ғылымның маңызыдылығы туралы түсініктерді қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Табыстылық сезімін қалыптастыру.
2. Оқушылардың өз өміріндегі, адамдардың өміріндегі психологиялық ролі мен орны туралы ойларын білу.
3. Оқушылардың бойында татулық сезімдерін қалыптастыру.

"Түрлі түсті күн"

Ұраны: "Әрбір бұлтты күннен кейін, міндетті түрде күн шығады!"
Апталықтың ашылуы.



Бастауыш, орта, жоғары буын оқушыларына тапсырмалар орындау.

Оқушылар белсенді қатысты, тапсырмаларды орындап сыйлықтарын алды.

"Бақытты күн"

Ұраны: "Әрбір адам, өз бақытының жаршысы"
"Біздің мектеп"

"Менің мектебімде болғанын қалаймын" атты тақырыпта қабырға газетін шығару *"Бойжеткен әдемі жүр, сыпайы күл Фотосуреттер көрмесі, "!*



Оқушылар өз мектебі жайында армандарын сурет түрінде жеткізу



"Ата-аналар күні"

Ұраны: "Тәрбие отбасынан басталады"

"Қарым-қатынас күні"

Ұраны: "Қарым-қатынас, өмір атты тағамның ең қажетті тұздығы" *"Ананың алақаны балаға айдынды қоныс". Жағдаяттық сұрақтар*

«Тілектер күні»

Тілек білдіру мәдениетін тәрбиелеу, әр тұлғаның жақсы қасиеттерін байқап, арттыруға ынталандыру.



"Көңілді күн" Караокемен ән шырқау жарысы

"Мамандықты дұрыс таңдау- табысты өмірдің кілті"

Оқушылардың мамандық таңдау, олардың негізгі түрлерін таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта ықыласын арттыру.

"Психологиялық апталық" қорытындысын шығарылды. ерекше белсенділікпен қатысты.

Қаңтар айынан бастап Балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі басқару, туындайтын әр түрлі қиындықтарды жеңе білу, әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін көтеру, қоршаған ортада жақсы қарым-қатынаста болуын дамыту мақсатында "Психолог-ADVISER" психологиялық клуб құрылды. Яғни іс шара жоспары түзіліп, клуб мүшелері тағайындалды. "Психолог-ADVISER" психологиялық клуб жұмысын жүргізу және бақылау, талдау, қадағалау өзіме жүктелген.

"Психолог-ADVISER" психологиялық клуб мүшелерін ДТЖО бірге бірлесіп түздік. Олар 9,10,11 сынып оқушыларынан алынды.

Жоспар бойынша әр аптаның сәрсенбісі психология күні болып белгіленді. Әр сәрсенбі түрлі іс-шаралар жүргізіліп отырды. оқушылар белсенділікпен қатысты.


















Жалпы айтқанда мектебімізде ер балалар "Оқушылар үйінде" дзюдо спорт үйірмесіне қатысады, сонымен бірге 1-8 сыныптар аралығында қыз ұл балалар, домбыра, би үйірмелері не қатысады. Мектебімізде спорт жаттықтырушысы Мамыр Ернұр 3-9 сыныптар аралығында ұлдарға ерікті түрде ақысыз спорттық бокс түрін үйретуде. Балаларымыз көптеген жеңістермен оралуда. Болашақ жастарымыздың бос уақыттарын осындай үйірмелерге тартылуда.

Қорыта келе Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп оқушылардың ата – аналары мен бала арасында қарым – қатынасы жақсы. Ата-аналар баланың жан дүниесін тек түсініп қана емес, әрі жақсы, дұрыс тәрбиелеуге үлес қосып жатыр.

Мектеп директоры:

И.М.Толегенов

Мектеп психологі:

М.М.Калкабаева